

Тұрсынбаева Б.Ж.¹

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан*

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕОРИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІНЕ ШОЛУ

Аңдатпа

«Экологиялық сана» термині қазіргі әлеуметтану, әлеуметтік экология және экологиялық психология секілді ғылымның барлық саласы үшін жаңа ұғым болып табылады. Экологиялық сананы зерттеу қажеттілігі ХХ ғасырда, яғни қоғамда экологиялық мәселелерге, дағдарысқа, түптеп келгенде ғаламдық экологиялық апатқа әкеліп соқтыратын үдерістер орын ала бастаған кезеңде ғана пайда болды. Осыған байланысты экологиялық сананың қалыптасуы мәселесінің пайда болуына «адам–қоғам–табиғат» жүйесіне философиялық, экологиялық, психологиялық және әлеуметтік зерттеулер жүргізу ықпал етті. Сондықтан мақалада экологиялық сананы зерттеудің заманауи теориялық тәсілдеріне шолу жасалынған.

Кілт сөздер: Экологиялық сана, экологиялық заңдылық, экологиялық мәселелер, қоршаған орта, теориялық әдіс-тәсілдер, қазіргі заманғы әлеуметтанулық теория.

Tursynbayeva B.Zh.¹

*¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov,
Astana, Kazakhstan*

REVIEW OF MODERN THEORETICAL METHODS FOR THE STUDY OF ENVIRONMENTAL CONSCIOUSNESS

Abstract

The term «ecological consciousness» is a relatively new concept in modern sociology, social ecology and environmental psychology, as well as in all science. The need to study environmental consciousness arose only in the twentieth century, when the society began the process of understanding the destructive consequences of its life, leading to environmental problems, crises and eventually to a global environmental catastrophe. At this time, there were philosophical, ecological, psychological and sociological studies that sought to understand and explain the interaction in the system «man-society-nature», which led to the formulation of the problem of the formation of ecological consciousness. Based on this, the article presents an overview of modern theoretical methods for studying environmental consciousness.

Keywords: Ecological consciousness, ecological regularity, ecological problem, environment, theoretical methods, modern sociological theories.

Тұрсынбаева Б.Ж.¹

*¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан*

ОБЗОР СОВРЕМЕННЫХ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ИССЛЕДОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

Аннотация

Термин «экологическое сознание» является относительно новым понятием в современной социологии, социальной экологии и экологической психологии, как впрочем, и во всей науке.

Необходимость изучения экологического сознания возникла лишь в XX веке, когда в обществе начался процесс осознания губительных последствий его жизнедеятельности, ведущих к экологическим проблемам, кризисам и в итоге к глобальной экологической катастрофе. В эту пору появились философские, экологические, психологические и социологические исследования, стремящиеся понять и объяснить взаимодействие в системе «человек–общество–природа», что привело к постановке проблемы формирования экологического сознания. Исходя из этого, в статье представлены обзор современных теоретических методов исследования экологического сознания.

Ключевые слова: Экологическое сознание, экологическая закономерность, экологические проблемы, окружающая среда, теоретические методы, современные социологические теории.

Әрбір қоғамның даму сатысында адамзат баласының табиғатпен саналы қарым-қатынас жасауының, яғни өзі тіршілік ететін ортасын қорғау мақсатында және соған жас ұрпақты тәрбиелеуде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы болады. Философ, математик, психолог, педагог, табиғат зерттеушісі Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн, С.Бақырғани, М.Қашқари сынды ғұлама ойшылдар сонау ерте кезден-ақ «табиғат–қоғам–адам» арасындағы дамудың өзара байланыстылығын және оның біртұтастығын өздерінің ғылыми дүниетанымына арқау ете отырып, табиғатты жеке адамның ақыл-ойы мен сана-сезімін тәрбиелеудің негізі екендігін көре білген. Халқымыздың Бұқар жырау Қалқаманұлы, Қорқыт ата, Асан қайғы және т.б. ақын-жырауларының шығармаларында да табиғат олардың өзекті мәселесі болған. Еліміздің ғалым-философтары Ә.Нысанбаев, Т.Әбжанов, Ғ.Ақпанбек және тағы басқаларының пікірлерінде «табиғатқа саналы көзқарас, қарым-қатынас – адам дүниетанымының құрам бөлігі» деп қаралып, адамның табиғатты қорғауы үшін алдымен оны танып білуі, ол үшін өзінің жан дүниесін жан-жақты зерттеуі, түйсінуі керек екендігін айтады. Бұл тұрғыда адам, қоғам және табиғат қарым-қатынастарын оңтайландыру көп жағдайда экология және табиғатты қорғау жайлы білімнің тиімділігіне, қоғамның барлық мүшелерінде экологиялық ойлауды дамыту және экологиялық сананы қалыптастыруға байланысты.

Экологиялық сана адамның қоршаған ортамен қатынасының жинақталған құрылымында жүзеге асырылады, өзіндік рефлексия (білім, мүмкіндік, ауызша, ойша және нақты жоспарларды теңестіру), басқару мен түзетудің негізінде мінез-құлықты анықтайды. Экологиялық сана филогенетикалық қалыптасатын әлеуметтік-мәдени сипатқа ие, адамзаттың мәдени-тарихи тәжірибесінде орнығады және онтогенетикалық үрдісте жеке меңгеріледі. Жеке экологиялық сана нақты бір адамның өмір сүруі барысында, сол адам тұрған ортамен өзара экологиялық байланысының субъективті тәжірибесімен толықтырылады.

«Экологиялық сана» экологиялық мәдениетті көрсетудің формаларының бірі ретінде ғалымдармен 1960 жылдардан бастап зерттеле бастады. Ресейлік ғалымдар «экологиялық сана» дегенімізді қоршаған ортаға қатысты біздің түсініктерімізді, іс-әрекеттеріміздің аясын, тілектеріміз бен қалауларымызды қамтиды десе, американдық ғалымдар дәл нақты «экологиялық сана» түсінігін өте сирек қолданады, оның орнына «экологиялық нұсқау», «экологиялық абыржулық» (environmental awareness) туралы пікір таластырады. Мысалы, Р.Данлэп және Р.Джонс экологиялық сананың төмендегідей дефинициясын ұсынды: «экологиялық сана дегеніміз – субъектілердің қоршаған орта мәселелерін сезініп қамсыздануы дәрежесін және экологиялық мәселелерді шешуге ниет жасауды немесе көмек көрсетуді білдіреді» [1]. Ал, В.И.Вернадский өз зерттеулерінде «экологиялық сана – адамның дүниеге, өзіне шығармашылық қарым-қатынасы» деп тұжырымдайды [2]. Э.В.Гирусов экологиялық сананы «табиғи орта мен қоғамның арақатынасы проблемаларын нақты әлеуметтік және табиғи мүмкіндіктерге сәйкес тиімді шешуді көрсететін көзқарастардың, ілімдердің және сезімдердің жиынтығы» деп қарастырды [3]. Экологиялық сананың құрылымын зерттей келіп, ғалымдар одан экологиялық білімді, оның деңгейлерін – тұрмыстық және ғылыми-теориялықты бөліп көрсетті. Экологиялық білімнің тұрмыстық деңгейіне діни түсініктер мен дәстүрлерді, ал ғылыми-теориялық деңгейге ғылыми тұжырымдамалар, ұғымдар және т.б. жатқызады.

Сонымен, экологиялық сана – нақты әлеуметтік және табиғи мүмкіндіктерге сәйкес қоғам мен табиғаттың арақатынасының проблемаларын тиімді шешудегі көзқарастар, теориялар және сезімдердің жиынтығы. Экологиялық сананы қалыптастыру экологиялық ережелерді адамның табиғатқа қарым-қатынасында бір мезгілде мінез-құлық ережелеріне айналдырып, адамның көзқарастары мен түсініктерін қайта құруды ұсынады.

Ғалымдар экологиялық сананы талдаудың екі тәсілін айырып көрсетеді: гносеологиялық және әлеуметтік. Гносеологиялық тәсілде сана қоғамдық болмыс ретінде қарастырылады, ал әлеуметтік тәсіл оның белсенді және шығармашылық рөліне басымдылық көрсете отырып, сана әлеуметтік жағдайлармен байланысты қарастырылады. Гносеологиялық тәсіл нақтылықтан санаға қарай қозғалуын ашып көрсетсе, әлеуметтік тәсіл керісінше, санадан нақтылыққа қарай қозғалуды көрсетеді. Әлеуметтік тәсілде экологиялық сананың қарапайым құрылымдық элементтеріне экологиялық нұсқау, экологиялық құндылықтар, экологиялық нанымдар, экологиялық білім және экологиялық нормалар жатады [4].

XX ғасырдың басында «қоғам–табиғат» арасындағы өзара байланысты алғаш боп Э.У.Берджесс, Р.Э.Парк, В.И.Вернадский, П.Тейяр де Шарден, К.З.Циолковский сынды көптеген ғалымдар мен әлеуметтанушылар өз еңбектерінде қарастыра бастады. «Экологиялық ойлау» туралы зерттеулерге алғашқылардың бірі боп Н.А.Бердяев тоқталды. Экологиялық ойлау мәселелерін 1920 жылдары Л.Леви-Брюль, 1950 жылдары Л.Н.Гумилев зерттеді. Табиғаттың қоғамға ықпалын 1970 жылы А.Л.Чижевский, 1980-1990 жылдары Р.Атфилд, Л.Уайт, П.Казначеев, Е.А.Спирин, В.А.Кутырев, Н.Н.Моисеев, т.б. өз зерттеулерінде қарастыра бастады. Ал, «экологиялық сана» термині қазіргі әлеуметтану, әлеуметтік экология және экологиялық психология секілді ғылымның барлық саласы үшін жаңа ұғым болып табылады. Экологиялық сананы зерттеу қажеттілігі XX ғасырда, яғни қоғамда экологиялық мәселелерге, дағдарысқа, түптеп келгенде ғаламдық экологиялық апатқа әкеліп соқтыратын үдерістер орын ала бастаған кезеңде ғана пайда болды. Осыған байланысты экологиялық сананың қалыптасуы мәселесінің пайда болуына «адам–қоғам–табиғат» жүйесіне философиялық, экологиялық, психологиялық және әлеуметтік зерттеулер жүргізу ықпал етті.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап технологиялық әрекеттің салдарынан қоршаған орта жағдайының нашарлауына байланысты экологияға назар аудару артып, сонымен бір мезгілде оны адамзат қоғамының табиғи ортамен әрекеттестігі және осы әрекеттестіктің салдары туралы ғылым ретінде кеңінен түсіндіру өріс алды. Жаңа экологиялық таным XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында пайда болды. Ғалымдар бірнеше онжылдық бұрын «экологиялық сана» категориясын жеке ұғым ретінде қарастырып, оның құрылымын анықтауға көңіл бөле бастады. Осыған дейін бұл термин «экологиялық даналық», «экологиялық ойлау», «табиғатты қорғауды ойлау» секілді ұғымдармен алмастырылып келді. Жүргізілген зерттеулер мен түрлі тұжырымдар барлық ұғымдарды біріктіріп, «экологиялық сана» терминін немесе оның қысқартылған нұсқасы «экосананы» қолданысқа енгізуге алып келді.

Осы кезеңдерде Еуропада қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін зерделеудің негізін қалаушы, рухани аспектіде ноосфера туралы ілімді дамытқан П. Тейяр де Шарден болды. «Рухтың денеден бас тартуы және әлем мен адамзаттың дамуындағы осы артықшылықтың зор мәні туралы» идея осы әлемнің бір бөлігі ретінде өз көрінісін алды.

Экологиялық сананың жаңа типінің қалыптасуында адамның табиғатқа көзқарасының қарапайым объект ретінде қарауын шектеуде үлкен рөл атқарған «универсалды этика» болды. Бұл Торо, Ганди т.б. ғалымдардың еңбектері еді. Ол адам мен басқа да тірі ағзалардың арасындағы айырмашылықты ажыратпайды: адам өмірі сияқты насекомдардың да өмірі қымбат, табиғат өкілдері теңқұқылы субъект, адам сияқты оған да өз құндылығы тән. «Универсалды этика» идеясы американдық инвайронментализм, биоцентризм бағытының идеологиялық базасы болды. Биоцентризм табиғи заңдылыққа, табиғи тәртіпке бағытталған. Бұл бағыттағы биоцентристерге Эмерсон, Кэтлин, Лоу, Олмстед, т.б. ғалымдар жатады. Олар негізгі үш идеяны ұсынады:

- 1) әлемнің біртұтастығы (синкреттілік);
- 2) биосфералық эгалитаризм (франц. *egalite* – теңдік);
- 3) экологиялық өзін қамтамасыз ету принципі [4].

Келесі бір бағыт – америкалық инвайронментализм, яғни қоғаммен өзара қарым-қатынас консервативтік байланыста пайда болды. Бұл бағыттағы ғалымдар әлеуметтік институттарды қайта ұйымдастыру туралы және табиғатты тиімді пайдаланумен табиғат ресурстарын дұрыс бөлу қажеттігін ұсынады. Солай бола тұрса да консервациялизм ұғымына сүйенген экологиялық ұғымда әлі де болса көне дәуірдің іздері байқалды. Мысалы, адам табиғатқа объект ретінде қарады. Бірақ консерватизм экологиялық танымның даму деңгейін өзгертті, яғни прогматизм алыс прагматикамен алмасты (табиғат ресурстарын келешек ұрпақтар үшін сақтау ұсынылды).

XIX ғасырдың II жартысында Ресейде діни философиялық ағым орыс космизмі пайда болады, оның негізін салған Бердяев, Киреевский, Соловьев, т.б. Орыс космизмінің негізгі идеясы – адам табиғаттың бір бөлігі, оларды бір-біріне қарсы қоюға мүлдем болмайды. Адам және оны қоршаған орта бүкіл ғаламның бөлігі, сондықтан сана табиғатқа қарсы қойылмайды. Керісінше, адам санасы арқылы экологиялық дағдарыстан шығудың жолын қарастыру керек. Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы, бірлігі туралы идея В.И.Вернадскийдің ноосфера туралы ілімінде көрінеді. Вернадскийдің пікірінше «адамзат күрделі әсер ететін ірі геологиялық күшке айналады» [2].

1970-1980 жылдары Р.У.Биджиев, Э.В.Гирусовтың экологиялық сананы философиялық ойлаудың феномені ретінде қарастыру бағытындағы еңбектері жарияланды. Осы кезеңде көптеген шетелдік зерттеулерде экологиялық сана-сезімнің алғашқы теориялық концепциялары және соның негізінде жүргізілген эмпириялық зерттеулер көрініс таба бастады. Ал, К.Д.Ван Лир, Р.Х.Вейгель, Дж.Вейгель, Р.Э.Дэнлап, Й.Кляй, М.П.Мэлони, М.Й.Розенберг, М.Д.Уорд, т.б. ғалымдар экологиялық сана туралы әр түрлі тұжырымдарды алға тартты. Әсіресе, 1980 жылдары жарияланған А.Н.Кочергин, Н.Г.Васильев, Ю.Г.Марковтың биосфераны сақтап қалу үшін экологиялық сананың қалыптасуы және таралуымен байланысты ноосферадағы қоғамның алдағы уақыттағы тіршілігі туралы теориялық зерттеулерін атап өтуге болады. Тағы бір атап өтетін жайт, 1980-1990 жылдары теориялық және эмпириялық тұрғыдан экологиялық сана ұғымы жан-жақты талданып, В.В.Бахарев, С.Д.Дерябо, Т.В.Биджиев, Р.У.Биджиев, т.б. тарапынан зерттелді.

Классикалық әлеуметтануда қоршаған орта мен табиғат «шеткері немесе мүлдем жоқ» деп түсіндіріледі. 1980 жылдары Н.Луманның пікірінше, «қоршаған қоғам үшін тіршілік ортасы болып табылатын барлық нәрсе ғылыми білімдерді анықтау нысаны болып табылды» [5]. Неміс ғалымы осы пікірі арқылы әлеуметтанушылардың назарын экологиялық сана феноменіне аударды.

Б.Т.Лихачев өзінің «Экологиялық сананың құрылымы және оны қалыптастырудың педагогикалық негіздері» атты ғылыми мақаласында экологиялық сананы табиғатта, қоғамда (социумда) және жеке тұлғада тірі ағзалардың қоршаған ортамен және бір-бірімен өзара тәуелділігі, тұрақты тепе-теңдігі, заңды байланыстары туралы адамның меңгерген және жинақтаған білімі, ағзаның қоршаған ортада тіршілік етуінің экологиялық эталондары мен нормалары туралы білімі ретінде анықтайды. Ғалымның пайымдауынша, экологиялық сана психикада туындап, экологиялық тәрбие мен тәжірибенің негізінде жетіліп, экологиялық сананың қоғамдық формаларына, экологиялық философия, экологиялық идеология, экологиялық мәдениет және жеке тұлғаның тіршілік бейнесі ретінде қайта жаңарады. Экологиялық сананың құндылығы артқан сайын соғұрлым жеке тұлғаның экологиялық мәдениеті де жоғары болады.

Академик Б.Т.Лихачев экологиялық сананы қалыптастырудың төмендегідей негізгі бағыттарын көрсетті:

- ғылыми білімділік,
- табиғатты пайдалану мен табиғатты қорғау,
- тәрбиелілік.

Экологиялық тәрбиенің бұл бағыттары ғалымның пікірінше, экологиялық сананың барлық негізгі аспектілерін қамтиды, ол табиғи ортаға іс-әрекеттік тәжірибелік, эмоционалдық-сезімдік қарым-қатынасқа сүйенеді. Бұл жеке тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда сана мен мінез-құлықтың, сөз бен істің, сенім мен қылықтың арасындағы қауіпті алшақтықтан сақтандырады.

Әлеуметтанушы ғалымдардың қызығушылығы экологиялық сананы микроәлеуметтанулық зерттеулерде жеке қарастыру, әрі қоғамның әр түрлі топтарының экосанасын зерттеу барысында да қолдану болып табылады. Алайда, әлеуметтану ғылымының зерттеу нысаны жеке индивидтің немесе қоғамның экологиялық санасы ғана емес, тұтас қала тұрғындарының экологиялық санасы. Себебі, қала тұрғындары қоғамның ірі әлеуметтік топтарын құраушы өкілдерді және олармен байланысты қаладағы экологиялық жағдайды қалыптастырады. Осы орайда әлеуметтанушы ғалымдар тарапынан ұсынылған төмендегідей заманауи тұжырымдамалар мен идеяларға шолу жасасак:

а) Чикаго әлеуметтану мектебінің өкілдерінің (Э.У.Берджесс, Р.Э.Парк) *әлеуметтік экология тұжырымдамасы*. Тұрғындар өздерінің тұрмыс-тіршілігін нақты бір өмір ретінде қабылдап, қаланың белгілі бір «табиғи құрылымына» негіздейді. Осындай бейімделулердің нәтижесінде тұрғындардың өздерін қоршаған ортамен – табиғатпен, кеңістіктік ұйымдармен, қала аумағының әкімшілік-саяси және

элеуметтік-мәдени инфрақұрылымымен тығыз байланысы пайда болып, «табиғи ареалдар» қалыптасады.

ә) «*Экологиялық байланыс*» тұжырымдамасы (Н.Луман). Қоғам – ашық жүйе. Экологиялық мәселелер – оның тепе-теңдігін бұзатын бірден-бір факторлар. Алайда қоғамның өз ішінде тепе-теңдік қалпын сақтап тұратын және құрылымның сыртқы факторларының қызметін реттеуші факторлар болады. Осы факторлардың ішіндегі ең маңыздысы – ажырамас бөлігі экологиялық сана болып табылатын қоғамдық сана-сезім.

б) «*Тәуекел қоғамы*» тұжырымдамасы (У.Бек). Элеуметтік және экологиялық даму бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Материалдық қажеттіліктерді өндіру «экологиялық тәуекелге» баруды қажет етеді. Элеуметтік жағдай объективті бар болып табылатын экологиялық қауіпсіздікті түсіну және қабылдауға ықпал етеді: қолдау көрсетеді немесе экологиялық сана-сезімнің өсуін тоқтатады. Экологиялық сана экологиялық және элеуметтік мінездің алғышарттарына негізделеді.

в) «*Экологиялық сана*» идеясы постматериалистік құндылық ретінде (Р.Инглехарт). Постматериалистік құндылықтардың дамуының іргетасы материалдық жағдай болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау тақырыбының өзектілігі қоғамдағы постматериалистік құндылықтардың қарқынды дамуымен пайда болады. Қоршаған ортаны қорғау мәселесін шешуге жаппай кірісу және экологиялық сананы қалыптастыруды дамыту тұрақты материалды жағдаймен байланысты.

г) «*Қоғам мен табиғаттың оңтайлы және тепе-тең байланысы туралы*» идея (А.Н.Кочергин). Аталмыш өзара байланыс биосфераның ең жақсы қалпын сақтай отырып, ноосфераны қалыптастыру экологиялық сананы дамыту нәтижесінде ғана мүмкін болмақ [5].

Қазіргі кезеңде Батыстың дамыған елдерінде 3 элеуметтік-экологиялық көзқарас ерекшеленеді:

- жасыл капитализм,
- тұрақты даму,
- экологиялық жаңғырту.

Осы тұжырымдамаларды әзірлеумен Д.Хубер (Германия), Спарген және А.Мол (Голландия), А.Вил (Англия) сияқты авторлар айналысады.

Экологиялық сананы кешенді зерттеу туралы идеяны алғаш боп 1970 жылдардың басында американдық ғалымдар М.П.Мэлони және М.Д.Уорд ұсынған болатын. Бұл ғалымдардың жүргізген аналитикалық тәсілдерінің ерекшелігі сол – екеуі де экологиялық сананы біртұтас ұғым ретінде қарастырмады. Тиісінше экологиялық сана феноменін қалыптастыратын жалпылама термин деп таныды. Олардың пікірінше, экологиялық сана – бұл қалыптасып қалған әр түрлі ережелер мен нормалар жиынтығынан тұратын конструкт. Осылайша, М.П.Мэлони мен М.Д.Уорд экологиялық сананы шиеленіскен экологиялық жағдаяттарға алаңдаушылық және экологиялық проблемалар туралы хабардар болу, ол мәселелердің туындау себептеріне жауапкершілік сезіну секілді диспозициялар кешені деп қарастырды. Мэлон-Уордтың экологиялық шкаласы төрт субшкалаға бөлінді:

- 1) интеллектуалдық,
- 2) эмоциональды,
- 3) дайындық шкаласы
- 4) мінез-құлық шкаласы.

Шетелдік ғылыми әдебиеттерде экологиялық сананы зерттеудің теориялық тиімді тәсілдерін ұсынған ғалымдардың қатарынан американдық ғалымдар Р.Х.Вейгель мен Дж.Вейгельдің концепцияларын атап өтуге болады. 1978 жылы Р.Х.Вейгель мен Дж.Вейгель экосананы адамдардың өміріне әсер ету дәрежесі жоғары экологиялық проблемаларды тудыраған қоршаған ортаға қамқорлық көрсету деп түсінуді ұсынды. Басқаша айтқанда, экологиялық сана – бұл табиғаттың сақталуы мен ластануы мәселелеріне қатысты қарым-қатынас. Алайда аталмыш тұжырымның қарапайымдылығын ғалымдар өздері де мақұлдап, «экологиялық шкаланы» басшылыққа ала отырып, 16 тармақтан тұратын әдістеме әзірледі. АҚШ-тың батыс жағалауындағы ірі қаласы мен Англияның шағын қаласының тұрғындарының экологиялық сана деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген салыстырмалы зерттеулердің нәтижесінде Р.Х.Вейгель мен Дж.Вейгель өздерінің тұжырымдарын өзгертті, яғни экологиялық сананы табиғаттың сақталуы мен ластануы мәселелеріне қатысты ғана қарым-қатынас деп емес, тиісінше қоршаған ортаны қорғауға атсалысу, табиғатты қорғау мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларға белсене қатысу деп толықтырды. Алайда ғалымдардың бұл тәсілін біржақты деуге болады. Себебі, ғалымдар өздерінің зерттеулеріне қатысушылардың экологиялық іс-шараларға нақты

қатысқан/қатыспағандығын зерттемеген. Сонымен қатар, Р.Х.Вейгель мен Дж.Вейгель экологиялық сананы білім, пікір, құндылық секілді компоненттердің жиынтығы деп қарастырмаған. Ғалымдардың пікірінше, экологиялық сана мен экологиялық аттитюд (бағдар) ұғымдары синоним болып табылады.

Дәл осы жылдары АҚШ-та Р.Данлэп, У.Каттон және т.б. тарапынан «жаңа экологиялық парадигма» атты теориялық тәсіл әзірленді. 1978 жылы Р.Э.Дэнлап пен К.Д.Ван Лир алға тартқан теориялық тәсілді талдайтын болсақ, ғалымдардың пікірінше, экологиялық сана – басым дүниетаным және маңызды құндылық. Антропоцентризмнен бас тарта отырып, жаңа экологиялық парадигма адамзатты биосфераның жалпы тізбегіндегі буындардың бірі ретінде қарастырады және жаһандық экологиялық проблемаларға, қоршаған ортаны трансформациялаудағы адамның рөліне назар аударады.

XX ғасырдың екінші жартысында шетелдік философтар, саясаткерлер, экономистер мен экологтар тарапынан бірқатар маңызды экологиялық идеялар ұсынылды. Атап айтқанда, табиғатқа техникалық үстемдік ету идеясы (П.Д.Тейлор), экономиканың экологиялық тұжырымдамасына көшу идеясы (Д.Х.Медоуз, А.Печчеи және т.б.), еркін капиталистік шаруашылықтың қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын мемлекеттік реттеуді күшейту идеясын қалыптастыру негізінде адам мен табиғаттың қарым-қатынасын үйлестіре алмау идеясы (Ф.Санбах, К.Хухер), табиғи ресурстардың шектеулілігі идеясы және осының негізінде адамдарды саяси институттар арқылы оларды құтқару, т.б. Жалпы аталған экологиялық идеялар қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылында көрсетілген кезеңнің дағдарыстық жай-күйін нақты ескереді, экологиялық дағдарыстан шығудың кейбір әдіснамалық жолдарын ұсына алады. Алайда оларда аталған проблеманы кеңінен қамту жоқ, көптеген экологиялық тұжырымдамалар бір жақты, бытыраңқы және қоғам мен табиғаттың өзара іс-қимылына, атап айтқанда, қоғамдық сананың нысаны және қоғамның рухани мәдениетінің элементі ретінде экологиялық санаға жүйелі көзқарастарды ұсына бермейді.

Алайда, осы кезеңде батыста тағы бір ғалым, атап айтсақ, 1982 жылы Рональд Инглехарт экологиялық сананы құндылықтарды нақтылап беруші бағдар деп тұжырымдады. Ол экологиялық сана ұғымын өзін-өзі дамыту, шығармашылық қабілеттерді дамыту секілді ұғымдармен қатар қойды. Ғалымның пікірінше, бұл ұғымдардың барлығы жақында ғана пайда болған және олар парыз (борыш) бен тәртіп секілді дәстүрлі құндылықтардың орнын басады.

Сондай-ақ, неміс ғалымы Д.Урбан да 1987 жылы экологиялық сананы кейінгі ұрпақ үшін табиғи қоршаған ортаны сақтауға ұмтылу деп қарастырып, табиғатқа зиян келтірмейтін құралдарды пайдалану жүйесі деп түсіндірді. Э.Хольцер мен Й.Шанның теориялық тәсілі секілді Д.Урбан да қала халқының экологиялық санасын тұрғындардың экологиялық мінез-құлқы мен экологиялық шараларға қатысуымен біртұтас күйде қарастырады. Д.Урбан экологиялық сананың құрылымдық моделін ұсынды:

- 1) экологиялық құндылық бағдарлары;
- 2) экологиялық таным;
- 3) экологиялық қауіпсіз іс-әрекеттерге дайын болу [6].

Экологиялық сана мәселесін философия ғылымында З.Г. Наджафованың (1989), В.Хесленің (1993) да еңбектерінен көруге болады. Ал, элеуметтанушылардың арасынан О.Н.Яницкий (1996), Ю.Н.Пахомованың (2002) еңбектерін айтуға болады. Экологиялық сананы теориялық және эмпирикалық деңгейде В.В.Бахарев, Л.Н.Савина, С.Д.Дерябо, Т.В.Иванова, И.В.Кряж, Д.Ж.Маркович, М.Межевич, Н.А.Разыграева, Э.Хольцер, Й.Шан, т.б. зерттеді.

Экологиялық сана туралы еңбектерінде С.Д.Дерябо мен В.А.Ясвин (1995-2000 жж.) адам санасының жаңа типке өту қажеттігін ұғынудың философиялық және жаратылыстанушылық мәні бар деп көрсетеді [7]. Ең алдымен, бұл Ресейде XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан орыс космизмі атауына ие болған көзқарастар жүйесі. Осы көзқарасты жақтаушылар әйгілі ойшылдар И.Киреевский, В.Соловьев, Н.Федоров және басқалар болды. Олардың негізгі ойы мынада болған: адам – табиғаттың негізгі бөлігі, оларды қарама-қарсы қарастыруға болмайды, керісінше біртұтас деп қарастыру керек, адам және оны қоршаған барлық нәрсе – біртұтастықтың, әлемнің бірлігі. Бұл ойшылдар адам және табиғат өзара әрекетінің жаңа моральдық негізі, өркениет дамуы принциптерінің алмасуы деп көрсеткен. Алдыңғы ғасырдың 90-жылдарында Н.Ф.Федоров өзінің «Жалпы жұмыстың философиясы» еңбегінде: «Өркендеу қалпына келтіруші емес, пайдаланушы, жылдам аяқталудан басқа нәтиже болуы мүмкін емес», - деп жазды, ол уақытта оның мұндай технократтық пікірі экологиялық дағдарыстан мүлде алшақ жатқан болатын [7].

Адам мен табиғаттың өзара байланысына жаңа көзқарастың дамуына В.И.Вернадскийдің ноосфера туралы зерттеулері себеп болды, ол адамның қоршаған табиғатқа әсерінің өсіп бара жатқаны сондай, жақында адам Жер бейнесін қалыптастыратын негізгі геологиялық күшке айналатындығын алдын-ала көрсетіп берді. Биосфера өзінің жаңа күйіне, сана сферасы – ноосфераға көшеді. Қоршаған орта мен адам қоғамының дамуы ажырағысыз болады, олардың бірлескен эволюциясы басталады (бірлескен іс-әрекет, екі жақтың біреуінің қызығушылығы үстемдік алуы мүмкін емес).

Өз дәлелдемелерін жалғастыра отырып, С.Д.Дерябо мен В.А.Ясвин (1996) әмбебап этикаға көңіл аударады (Г.Торо, М.Ганди, А.Швейцер), яғни табиғатқа адамдардың манипуляциясының қарапайым объектісі ретіндегі көзқарасты жеңу маңызды рөл атқарған. Әмбебап этика адам құндылықтары мен басқа тірі организмдердің құндылықтары арасына шектеу қоймайды: жәндіктердің өмірі адам өмірі сияқты маңызды, басқаша айтқанда, табиғаттың басқа да өкілдері адам сияқты толық құқықты субъектілер болып табылады. Бұл авторлар көрсеткендей, соңғы кездері әмбебап этика түрлі елдердегі ғылымның әр түрлі салалары ғалымдарының арасында О.Леопольд – АҚШ-та, мәдениеттанушы Г.Д.Гачев – Ресейде, философ В.Хесле – Германияда және т.б. Олардың ойынша, табиғатқа тек қана еңбек және «қоршаған ортаға» арналған шикізат материалы, яғни өндіріс саласында, техникада, нақты ғылымдарда қарастырылатындай утилитарлы-эгоистік деп қарауға болмайды. Табиғатты өзіндік құндылық деп қабылдау керек және субъект деп түсіну керек.

Қазіргі кезде жағдай өзгерді. Жалпы сана деңгейін рухани-адамгершілік даму жағына өзгертудің көптеген алғышарттары пайда болды. «Өркениет дамуының аксиологиялық талдау тұжырымдамасы басым жаңа өркениеттік парадигма ретінде экологиялық мәдениетті анықтауға көмектесті. «Экологиялық мәдениет» ұғымын қазіргі таңдағы философиялық-мәдени еңбектердегі адам өркениетінің табысты дамуымен көбірек байланыстырады» (В.И.Цветкова, 2000). Біздің пікірімізше, дәл осыда ғалымдағы «экологияланған» сөз және пікірлер экспансиясының негізгі себептерінің бірі жатыр, сонымен қатар адамзатты өзін қоршаған табиғатқа және адамның өзінің табиғатына көңіл аударуға шақыру қамтылған. Бірақ, өкінішке орай, мұндай «экологиялану» көбіне декларативті сипатта жүреді.

Ал, Н.В.Маслованың пікірінше, экологиялық ойлауды бағаламау және экологиялық емес білім негізделген жағдайда әрбір жас буын өзінің іс-әрекетінің биоадекватты құралы мен мақсатын білмей тұра экологияны қалпына келтіруге тырысады. Тек экологиялық ойлау ғана саналы таңдау мен экологиялық өмірдің пайдасына сай мінез-құлықты білдіреді, «Мен» концепциясының қалыптасуы, «Мен табиғаттамын», табиғатқа деген махаббатың болуы, адамның табиғаттағы өз орнын сезінуі, тұтынушылық және жыртқыштық, «Мен – табиғат патшасымын» концепциясына, эго-өмірге қарағанда табиғатпен бірге болуды білдіреді. «Қазіргі замандағы білімнің мәнін құрушы болып табылатын, өскелең ұрпақтың шынайы экологиялық ойы мен санасын қалыптастыру қажет» деп есептейтін Н.В. Маслованың ойына толық қосылуға болады [8].

В.И.Пановтың пікірінше, экологиялық сана психологиясының негізгі мәселелері:

- 1) «экологиялық сана» түсінігін дамыту;
- 2) экологиялық сана генезисін анықтау;
- 3) экологиялық сананы қалыптастырудың психологиялық механизмдерін зерттеу.

Сондай-ақ, В.И. Панов «адам–табиғат» жүйесінің эволюциясы кезеңдеріндегі экологиялық сана түрлерін бөліп көрсетеді:

1. Синкретикалық (архаикалық) сана – адамның санасында және өзін-өзі тану кезінде адам өзін қоршаған ортадан ажыратпаған және тіпті өзінің өмір сүру мақсаттарына сәйкес өзгеру нысанына қарсылық білдірмеген кезең.

2. Антропоцентрилік сана – адамның сана-сезімін қоршаған ортаға қарама-қайшы қойған кезі, сонымен бірге оны «адам» өмір сүру мақсаттарына сәйкес белсенділіктің өзгеру нысаны ретінде қарастырды. Бұл кезеңде адам өзінің табиғатпен бір екенін «ұмытып» кетеді, соның салдарынан Жердегі экологиялық дағдарыс мәселесі туындайды.

3. Экоцентрилік сана – ол адам және қоршаған табиғи орта «адам–табиғат» бірыңғай экожүйесіне кіретіндігін, сондықтан оны қоршаған орта, оның табиғатпен байланысы және табиғаттың өзінің өмірлік құндылығына ие екенін түсіне бастайды.

4. Синергетикалық (табиғатқа бағдарланған) сана – табиғат дамуының жалпыға бірдей қағидаттары мен өзінің дамуының принциптерінің бірлігі ретінде, адам өзінің табиғатпен бір екенін түсінген жағдайдағы сана [9].

Қазіргі кезде экологиялық сананың эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеулерімен Ресейде А.Н.Авдонин, Б.З.Докторов, З.В.Грицынина, Р.Б.Камаев, Л.В.Корель, И.Д.Лаптев, М.В.Лисаускене, Т.И.Лихачева, В.О.Рукавишников, Д.С. Рыжовская, В.В.Сафронов, В.Ф.Томилини, Б.М.Фирсов, И.А.Сосунова, А.Яблоков, А.Л.Яншин айналысады. Соңғы екі онжылдықта Г.М.Денисов, Н.Н.Моисеев, А.В.Мозгова, Б.Н.Порфирьев, т.б. әзірлеген экологиялық тәуекелдер мен апаттардың әлеуметтік аспектілерін зерттеуге арналған зерттеулер неғұрлым сұранысқа ие болып отыр. Қала экологиясы және адамдардың өмір салтына енгізілген өзгерістер туралы О.В.Аксенова, А.С.Ахизер, М.С.Ельчанинов, Е.О.Новожилова, Б.Б.Родоман, И.А.Сосунова, О.Н.Яницкий және т.б. зерттеді. Әлеуметтік экологияның әр түрлі аспектілері С.А.Алексеев, Е.В.Краснов, В.В.Кривошеев, Л.М.Яо, А.Д.Урсула, В.И.Омигов, Г.И.Осипова және т.б. жұмыстарында ашып көрсетілген.

Ю. Хабермас адамдардың табиғатпен өзара іс-қимыл саласын және интеракция (коммуникация) саласын бөлу туралы кең әлеуметтік-философиялық тұжырымдаманы ұсынады. Ол адамаралық коммуникацияға әсер ететін «өмірлік әлем» мен «жүйені» бөледі. Халықтың жаппай сананы тасымалдаушы ретіндегі мәселелерін талдау батыс философтарының (Т.Адорно, М.Бубер, Т.Веблен, Д.Мид, Э.Фромм) және ресейлік ғалымдардың (Б.Грушин, М.Горшков, Н.Лапин, Н.Тихонова, В.Петухов, В.Лекторский, В.Соколова және т.б.) еңбектерінде байқалады. Ресейдегі экологиялық сананы және қоғамдық пікірді зерттеу мәселелері, жаппай сананы әлеуметтанулық зерттеудің теориясы мен әдістері М.К.Горшковтің ғылыми еңбектерінде, сондай-ақ Н.Е.Тихонова және В.В.Петуховтың еңбектерінде талданған.

Қазіргі заманғы экологиялық сананың теориялық тұжырымдамалары ғылым жүйелі аспектілерді одан әрі дамытады. Қазіргі ғылыми әдебиетте экологиялық сана экологиялық біліммен (Р.У.Биджиева, Н.Г.Васильев, Э.В.Гирусов, А.А.Горелов, А.Н.Кочергин, Ю.Г.Марков және т.б.) теңестіріледі немесе утилитарлық-экономикалық көзқарас тұрғысынан қарастырылады (П.Аггесс, С.Н.Бобылев, В.А.Василенко, В.И.Данилов-Данильян, Б.Коммонер, М.Я.Лемешев, Ж.Лихт, А.Печчеи, П.Дж.Тейлор, Б.Тобер және т.б.) немесе адамның рухани-құндылық және психикалық әлеміне байланысты зерттеледі (Т.Атфилд, В.И.Баранов, В.Р.Бганда-Церера, Дж.Голд, С.Д.Дерябо, Т.В.Иванова, В.И.Кряж, В.В.Мантатов, Х.Ролстон, И.П.Сафронов, М.М.Тоненкова, В.А.Шкуратов, А.Швейцер, В.А.Ясвин және т.б.) немесе өркениеттің өмір сүру болашағы тұрғысынан экологиялық сананы бағалауға әрекет етеді (Р.А.Аронов, М.Н.Будыко, Дж.П.Грант, Д.В.Лас, П.И.Диренок, Б.А.Зубаков, Б.Н.Китанович, Н.Н.Моисеев, А.Д.Урсул және басқалары).

Қорыта айтсақ, мақалада негізінен экологиялық сананың жекелеген жүйелік аспектілерін анықтауға қатысты әдіснамалық ұстанымдар оң бағаланды. Көптеген зерттеушілердің әр түрлі және қарама-қарсы көзқарастары мен ұстанымдары, өкінішке орай, экологиялық сананың тұтас моделін толық көлемде ұғынуға және қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Десек те, экологиялық сананы зерттеуге қатысты қазіргі заманғы теориялық тәсілдер оны құраушы экологиялық іс-әрекет, экологиялық мінез-құлық, экологиялық мақсат сынды компоненттерді жекелей немесе біртұтас қарастырады. Экологиялық сана туралы тұжырымдардың барлығы адам мен қоршаған ортаның тікелей өзара әрекеттесуін көрсететін ұқсас мағынаға ие. Сондықтан қазіргі таңда экологиялық проблемалардың одан әрі ушығып, экологиялық дағдарыстың шарасыздығын сезінгендіктен қоғам экологиялық сана туралы ұғым мен теориялық және практикалық тұрғыдан түсінік қалыптастырудың маңыздылығын ұғына түскендей.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Dunlap R.E., Jones R.E. *Environmental concern: Conceptual and measurement issues // Handbook of Environmental Sociology, 2002. –P.482-524.*
2. Вернадский В.И. *Философские мысли натуралиста. –Москва: Наука, 1988. –19с.*
3. Гирусов Э.В. *Природные основы экологической культуры // Экология, культура, образование: м-лы к конф. –Москва, 1989. –С.11-18.*

4. Ахметов Б.Б. жалпы редакциялыгымен. «Экологиялық мәдениет пен сананы қалыптастыру»: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. –Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. –347 б.

5. Luhmann N. *Okologische Kommunikation: kann d. moderne Gesellschaft sich auf ökolog. Gefährdungen einstellen.* –Opladen, 1990. –P.128.

6. Urban D. *Was ist Umweltbewusstsein? Exploration eines mehrdimensionalen Einstellungskonstrukte* // *Zeitschrift für Soziologie*, 1986. –S:363-377.

7. Грицианов А.А., Абушенко В.Л., Евелькин Г.М. *Социальная экология.* // *Социология.* –Минск: Книжный дом, 2003. –964с.

8. Абсаттаров Р.Б., Мен Д.В., Соловьева И.А. *Социология экологии.* // *ҚазҰПУ хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы.* –Алматы, 2017. –№ 3. –84-103бб.

9. Панов В.И. *Введение в психологию экологического сознания.* –Москва: Психологический институт РАО – Экспонцентр РОСС, 2000. –38с.

References:

1. Dunlap R.E., Jones R.E. *Environmental concern: Conceptual and measurement issues* // *Handbook of Environmental Sociology*, 2002. –P.482-524.

2. Vepnadkij V.I. *Filocofkie mycli na tupalicta.* –Москва: Nauka, 1988. –19s.

3. Gipucov E.V. *Pripodnye osnovy ekologičeskoj kul'tury* // *Ekologiya, kul'tura, obpazovanie: m-ly k konf.* –Москва, 1989. –S.11-18.

4. Ahmetov B.B. *zhalpy redakciyalıgymen. «Ekologiyalyq мәдениет пен sanany қалыптастыру»: respublikalyq ғылыми-тәжірибелік konferenciya synuq materialdary.* –Ақтау: SH.Esenov atyndaғы Kaspий memlekettik tekhnologiyalar zhәне inzhiniring universiteti, 2019. –347 b.

5. Luhmann N. *Okologische Kommunikation: kann d. moderne Gesellschaft sich auf ökolog. Gefährdungen einstellen.* –Opladen, 1990. –P.128.

6. Urban D. *Was ist Umweltbewusstsein? Exploration eines mehrdimensionalen Einstellungskonstrukte* // *Zeitschrift für Soziologie*, 1986. –S:363-377.

7. Gricianov A.A., Abushenko V.L., Evel'kin G.M. *Social'naya ekologiya.* // *Sociologiya.* –Minsk: Knizhnyj dom, 2003. –964s.

8. Absattarov R.B., Men D.V., Solov'eva I.A. *Sociologiya ekologii.* // *ҚазҰПУ habarshysy. Әлеуметтану zhәне sayasi ғылымдар seriyasy.* –Almaty, 2017. –№ 3. –84-103bb.

9. Panov V.I. *Vvedenie v psihologiyu ekologičeskogo soznaniya.* –Москва: Psihologičeskij instiut RAO – Ekopsicentr ROSS, 2000. –38s.